

Келісемін:
Ақтөбе облысы білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімінің
басшысы С.Меруенов

Бекітемін:
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
менгерушісі А.Мырзағалиева

Бағдарлама
«Ұлттық ойындар»

«Еркетай»ересек тобы

Дайындаған: В.Кадирова

2023-2024ж.ж

Түсінік хат

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы. Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық ойындар арқылы балалардың шығармашылық ой-өрісін дамыту арқылы танымдық қабілеттерін жетілдіру;

Міндеттері:

- ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;
- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас ҰОҚ тас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл –қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Күтілетін нәтижелер:

- Ойындарды өз еркімен қолдана алады.
- Сөздік қоры байыды.
- Баланың денекүші, қолықатайып, денесі шыңдала түседі.
- Баланың зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі.

«Ұлттық ойындар» вариативті оқу қызметінің тақырыптық жоспары
Аптасына 1 сағаттан, барлығы 36 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Күш сынаспақ	2	7.14.09 2023
2	Арқан тарту	2	21.28.09 2023
3	Хан «алшы»	2	5.12.10 2023
4	Орамал тастамақ	2	19.26.10 2023
5	Ақсерек-көксерек	2	2.9.11 2023
6	Түйілген орамал	2	16.23.11 2023
7	Тышқан мен мысық	2	30.11.2023 7.12.2023
8	Соқыр теке	2	14.12.2023 21.12.2023
9	Ақсүйек	2	28.12.2023 4.01.2024
10	Сақина жасыру	2	11.01.2024 18.01.2024
11	Айгөлек	2	25.01.2024 1.02.2024
12	Салт аттылар	2	8.02.2024 15.02.2024
13	Өткеншек	2	22.02.2024 29.02.2024
14	Теңге ілу	2	7.03.2024 14.03.2024
15	Ұшты\ұшты	2	21.03.2024 28.03.2024
16	Хан талапай	2	4.04.2024 11.04.2024
17	Түлкі мен балалпандар	2	18.04.2024 25.04.2024
18	Қыз –қуу	2	2.05.2024 16.05.2024

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің оқу жоспары

Бөлімдері	Вариативтік компонент	Балаларды ойынның ережесімен таныстырып, дұрыс ойынауға үйрету. Мақсатына жетуге, ептілік, жылдамдық және зеректікті арттыру. Адамгершілікке тәрбиелеу.
Тақырыбы	«Ақсүйек»	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекілікте р	Сүйек суреті, сүйек.	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациял ық қозғаушылы қ	Шаттық шеңбер. Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындаршеңберге. Қандайжақсыбіртұру, Достармененбіржүру! Қандайжақсыдос болу!	Шаттық шеңбер орындайды.
Ұйымдастыр у шылық- ізденістік	Балалар бүгін біз сіздермен ұлттық ойын ережесімен танысымыз және ойынаймыз. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлініп, көздерін жауып тұрады. Тәрбиеші немесе ойынды жүргізуші бала ақсүйекті лақтырып: «Ал, табындар!» - дейді. Балалар көздерін ашып, жан – жаққа іздеуге аттанады. Қай топтың баласы тауып алып келсе, сол топқа бір ұпай беріледі. Ұпайды неғұрлым көп жинаған топ жеңімпаз атанады.	Балалар мұқият тыңдайды. Балалар ойынды ойынайды Ережені сақтап.
Рефлексивті к- жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы:бесбұрыш-өте жақсы Тортбұрыш- жақсы Үшбұрыш- орташа	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Балалар ойын ережесін дұрыс сақтап біледі.	
Түсінеді	Ойын ережесін түсініп, мақсаттарына жетті.	
Қолдана біледі	Өздері ойынды ойынады.	

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Балаларды Соқыртеке ойынымен таныстыру. Балаларға арасында ұлттық ойындарды насихаттау, қызығушылығын арттыру, өз елін сүйюге тәрбиелеу. Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.
Тақырыбы	« Соқыр теке»	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекіліктер	Арқан.	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p style="text-align: center;">Шаттық шеңбер.</p> <p>Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындаршеңберге. Қандайжақсыбіртұру, Достармененбіржүру! Қандайжақсыдос болу!</p> <p>Балалар бүгін біз сіздермен ұлттық ойын ережесімен танысымыз және ойынаймыз. Ойнайтын балалар қатар – қатар тұрады.</p> <p style="text-align: center;">Бұзау, бота, құлыншақ Тоқты, серке, торпақ Тана, тай, тайлақ Құнан, дөненбесті бар, Малдыңжасынайырабіл Естіп ал!</p> <p>Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар Сүзегенсің ,тентектеке, жекеқал Көзінбайла, теке – теке «Бақ - бақ» Соқыртекеқайданбіздітаппақ. Ойынбасқарушықатартұрғандардың әрқайсысынжоғарыкөрсетілгендей мал атыменатапшығады. Еңсоңғыаталған бала «Тентектеке» болады. Ойынкенүйде де, далада да</p>	<p style="text-align: center;">Шаттық шеңбер орындайды.</p> <p>Балалар мұқият тыңдайды.</p> <div data-bbox="1117 1585 1446 2011" style="text-align: center;"> </div> <p>Балалар ойынды ойынайды</p>

	<p>ойналады. Оны жаңажылда, жиындарда маска киіп те ойнауға болады. «Соқыртеке» ойыны далада ойналғанда дөңгелексызықтаншықпау керек. Ойын басқарушы ортаға көзі таңылған «Тентектені» шығарады. Содан кейін балалар:</p> <p style="text-align: center;">Соқыртеке бақ – бақ, Біз айтамыз тақпақ Мықты болсаңт ауыпкөр,</p> <p>Бізді қайдан таппақ, - деген өлеңдерді бәрі қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шеңбердің ортасында қалған «Соқыртеке» балаларды ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады. «Соқыртекені» ұстаған бала оның орнына тұрады. Осылайшы ойын қайталанып, қайта ойналады.</p>	Ережені сақтап.
Рефлексивтік-жинақтаушы	<p>Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы Төртбұрыш- жақсы Үшбұрыш- орташа</p>	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін біледі.	
Түсінеді	Түсініп ойнайды	
Қолдана біледі	Ойынды қолдана біледі	


Ұйымдастырылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	«Арқан тартыс» ұлттық ойынының мазмұнын , ережелерін, ерекшелігін, ойынның ойналу әдіс – тәсілдерін меңгерту. Балалардың ептілігін , қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту. Төзімділікке, өзара достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Балаларды ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру
Тақырыбы	« Арқан тартыс»	
Әдістер	Сұрақ- жауап , әңгімелеу	
Көрнекілікте р	Арқан.	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы біртұру, Достарменен біржүру! «Арқан тарту» Ойынның ережесі. Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға ортасына қызыл жіп байланған арқан қойылады. Ойынға қатысатын оқушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе , солар жеңіске жетеді.	Шаттық шеңберге тұрады Балалар мұқият тыңдайды.  Балалар ойынды ойынайды Ережені сақтап.
Ұйымдастырушылық-ізденіс		
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	ұлттық ойынының мазмұнын , ережелерін, ерекшелігін білу керек.	
Түсінеді	ойынының мазмұнын түсінеді.	
Қолдана	әдіс –тәсілдерін қолдана біледі	

Ұйымдастылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары


Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Балалардың
Тақырыбы	« Сақина жасыру»	қимыл
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	белсенділігін, ой
Көрнекіліктер	Сақина	ында ынтасын арттыру. Ұлттық тәрбиені нығайту. Шапша ндыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы біртұру, Достарменен біржүру! Шарты: Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың алақандарына салған болып шығады. Ойыншылардың біреуінің алақанына сақинаны салып: «Менің сақинам қайда?»- деп дауыстап сұрайды. Сұрақты естіген соң, сақинаны алған бала ортадан жүгіріп шығуы қажет. Ойын шарты бойынша көршісінің міндеті сақинасы бар баланы ұстап жібермеуі керек. Сергіту сәті: «Көршісін тап»	Шаттық шеңберге тұрады Балалар мұқият тыңдайды. Балалар ойынды ойынайды Ережені сақтап.
Рефлексивтік- жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы Тортбұрыш- жақсы Үшбұрыш- орташа	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіну.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта	

Ұйымдастырылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойын ережесін түсіндіру. Ойын барысында балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіру..зеректікті, жылдам ойлау қабілетін, тездікті арттыру
Тақырыбы	Орамал тастамақ	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекіліктер	орамал	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="266 819 488 987">Мотивациялық қозғаушылық</p> <p data-bbox="266 1249 488 1417">Ұйымдастырушылық-ізденіс</p>	<p data-bbox="678 819 959 864" style="text-align: center;">Шаттық шеңбері</p> <div data-bbox="522 900 1101 1223" style="text-align: center;">  </div> <p data-bbox="522 1312 1101 2092">Ойын барысы: Ойыншылар екі топқа тең бөлініп, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарамақарсы қатарға тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол орамалды өзінің қарсыласының біреуне тастайды да «қа» деп дауыстайды, ол қағып алып, «ғаз» деуі керек, немесе «ла» дейді. Сонда «қағаз», «қала», т.б. сөздер шығады. Айтылатын сөз екі буыннан ғана тұруы қажет. Орамал қағып алған ойыншы сол бірінші буынның сөзі шығатындай екінші буынды уақытында тауып айта алмай қалса, ортаға шығып өнер</p>	<p data-bbox="1133 1077 1425 1160">Шаттық шеңберге тұрады</p> <p data-bbox="1133 1559 1382 1641">Балалар мұқият тыңдайды.</p> <div data-bbox="1149 1697 1458 2056" style="text-align: center;">  </div> <p data-bbox="1133 2056 1398 2092">Балалар ойынды</p>

	көрсетеді. Енді орамалды қарсыластар тобына өзі лақтырады. Лақтырған кезде жаңағыдай сөздердің бірінші буынын айтуы керек. Осылайшы екі топтың ойыншылары орамалды бір-біріне лақтырып, ойынды жалғастыра береді. Сергіту сәті: «Көршісін тап»	ойынайды Ережені сақтап.
Рефлексивтік - жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы Тортбұрыш- жақсы Үшбұрыш- орташа	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіну.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ұйымдастылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылды ққа үйрету. Балалардың сөздік қорларын дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.
Тақырыбы	Айгөлек	
Әдістер	Сұрақ- жауап , әңгімелеу	
Көрнекіліктер	орамал	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық-ізденіс</p>	<p style="text-align: center;">Шаттық шеңбер</p>  <p>Ойынға қатысушылардың саны 10-15 балаға дейін. Ойындықөгалда, аулада, алаңқайдаойнайберугеболады.</p> <p>Ойыншарты: Қатысушылар саны бірдейекітопқа (А және Ә) бөлініп, бір-бірінеқарама-қарсы тұрады. Екітоптыңарақашықтығы — 15-20 метрдейжер.</p> <p>Ойынныңмақсаты — қарсыжақтыңқұрсауынүзіп, өзжағынакөбірекойыншыалыпқайту. Жеребесалудыңнәтижесіндеойындыбіріншіболыпбастауғатиістіжақ (айталық Атобы) екінші (Ә тобына) жақтағықарсыластарынақарап, хорменқосылаэнайтады:</p>	<p>Шаттық шеңберге тұрады</p> <p>Балалар мұқият тыңдайды.</p>  <p>Балалар ойынды ойынайды Ережені сақтап.</p>

	<p>Айгөлек-ау, айгөлек, Айдыңжүзідөңгелек. Теміршідендемшығар, Үзеңгіден тер шығар. Ақтерек пен көктерек, Мұндасізгекімкерек? Қарсы,,топ (Ә) жауапкатады: Айгөлек-ау, айгөлек, Айдыңжүзідөңгелек. Теміршідендемшығар, Үзеңгіден тер шығар. Ақтерек пен көктерек, Бізге тек Қамбаркерек. Немесе:</p> <p>А тобы: — Құрсаудыүзіндер! Ә тобы: — Кімкерек?</p> <p>А тобықарсыжақтағыкерекойыншын ыңатынатайды, Есіміаталғанойыншықарсыжақты ң тобынақарайекпіндейжүгіріпкел іп, қарсыластардыңқұрсауынүзугетіі с. Егеролқұрсаудыүзсе, біройыншыалыпөзтобынақайтады, Ал, егерүзеалмаса, солжақтақалады. Ойынсоңындакісінікөпжинаған топ жеңіскеиеболады.</p> <p>Сергіту сәті: «Көршісін тап»</p>	<p>Өлеңнің соөздерін мұқият тыңдап жаттау.</p>
<p>Рефлексивтік- жинақтаушы</p>	<p>Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы:бесбұрыш-өте жақсы Тортбұрыш- жақсы Үшбұрыш- орташа</p>	
<p>Күтілетін нәтиже</p>		
<p>Білу керек</p>	<p>Ойын ережесін білу керек</p>	
<p>Түсінеді</p>	<p>Ойын шартын түсіну.</p>	
<p>Қолдана біледі</p>	<p>Ойынды қолдана білу.</p>	

Ұйымдастылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Білек күшін жетілдіру; ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. «Қол күресі» ойынын насихаттау.
Тақырыбы	Күш сынаспақ	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекіліктер	1 стол, 2 орындық.	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдаршеңберге. Қандайжақсыбіртұру, Достармененбіржүру! Шарты: Столдың шетіне қарама – қарсы екі ойыншы оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылайша ұстасқан екі ойыншы мұғалімнің белгісімен, шынтақтарын сол орынынан қозғамай қарсыласының тіреулі қолын жығуға ұмтылады. Білегі жығылған ойыешы жеңіліп ойыннан шығады. Бұл ойынды олимпиадалық немесе айналмалы деп аталатын жүйемен өткізуге болады. Сергіту сәті: «Көршісін тап»	Шаттық шеңберге тұрады Балалар мұқият тыңдайды. Балалар ойынды ойынайды Ережені сақтап.
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы:бесбұрыш-өте жақсы Тортбұрыш- жақсы Үшбұрыш- орташа	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіну.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ұйымдастылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру. Шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. Ойынға деген қызығушылығын ояту.
Тақырыбы	Түйелген орамал	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекіліктер	Суреттержинағы	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық-ізденіс</p>	<p style="text-align: center;">Шаттық шеңбер</p> <p>Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындаршеңберге. Қандайжақсыбіртұру, Достармененбіржүру!</p> <p>Балалармен түйілген орамал ойынын ойнар алдында оныңшарттарымен таныстыру, ойын топ балаларымен ойналады.Түйілген орамалды ұстап қашқан баланы қуу.Ұсталған бала өз өнерін көрсетеді.</p> <p>Шарты:Бір баланы жүргізуші етіп тағайындаймыз.Ол бала ойнаушыларды өз айналасына жинайды; «бір, екі,үш»,- деп дауыстайды.Осы кезде ойнаушылар жан-жаққа бытырай бастайды. Ал ойын жүргізушіқолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол бала ойын жүргізуші жете бергенде, қолындағы орамалды басқа біреуге лақтырады. Орамалды қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша, ойын жүргізуші түйілген орамалды алғанша қуалай береді.Ұсталған ойыншыны</p>	<p>Шаттық шеңберге тұрады</p> <p>Балалар мұқият тыңдайды.</p> <div data-bbox="1117 1196 1503 1525" data-label="Image"> </div> <p>Балалар ойынды ойнайды</p> <p>Ережені сақтап.</p>

	көпшіліктің ұйғаруымен ортада шығып, өнер көрсетеді. Осыдан соң ойын жүргізушіні ауыстырады.	
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіну.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	


Ұйымдастылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту. Балаларды ептілікке арттыру.
Тақырыбы	Салт аттылар	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекіліктер		
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	<p align="center">Шаттық шеңбер</p> <p>Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындаршеңберге. Қандайжақсыбіртұру, Достармененбіржүру! Салт аттылар - қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Ойын жасыл алаңда немесе спортзалда төсеген маттар үстінде өтеді. Алдын ала ойнаушылар екіден бөлінеді, жасалынған жұптар екі құрамаға бөлінеді. Ойынға тек қана ұлдар қатысады. Ереже бойынша, әрбір жұпта біреуі басқаның мойына отырады және құрама “салт аттылар” тобын құрайды. Жүргізушінің белгісі бойынша ойынды бастайды. Екі құрамадан ортаға екі “салт аттылар” шығады. Ойын шарты бойынша “салт аттылар” бір-бірін “ат” үстінен құлату керек. Қай топтың “салт аттылары” жиі құласа, олар жеңілген боп аталады. Ойын аяғында жүргізуші жеңімпаздары атайды және алдын ала дайындалған жүлделерді таратады.</p>	Шаттық шеңберге тұрады
Ұйымдастырушылық-ізденіс		Балалар мұқият тыңдайды.
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	Балалар ойынды ойынайды
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіну.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ұйымдастылған оқу –іс әрекетінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбилеу.
Тақырыбы	Әткеншек	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Көрнекіліктер	Әткеншек суреттері	
Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	<p align="center">Шаттық шеңбер</p> <p>Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындаршеңберге. Қандайжақсыбіртұру, Достармененбіржүру!</p>	Шаттық шеңберге тұрады
Ұйымдастырушылық-ізденіс	<p>Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен ұстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:</p> <p>Әрең-әрең әлдиледі, Әткеншегім ән биледі. Тербеткенде ойнадым ғой, Жүгіруді қоймадым ғой.</p> <p>Балалар мәтінге сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады. Балалар шеңбердің бойымен екі рет шыққаннан кейін тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылындар» дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді. Содан соң тәрбиеші балалармен</p>	<p>Балалар мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар ойынды ойынайды</p> <p>Ережені сақтап.</p>

	<p>бірге қарай жалғастырады: Жаймен ғана тербетіңдер, Әткеншекпен ер жетіңдер! Бір, екі, бір, екі, Ойын бітті мінеки! Әткеншек қимылды бірте-бірте жайлай бастайды. «Ойын бітті мінеки!» деген сөздерді естігенде, балалар жіпті тастайды да, алаңмен жүріп тарап кетеді. Балалар біраз тыныққаннан кейін тәрбиеші үш рет қоңырау соғады немесе үш рет дабыл қағады. Ойнаушылар әткеншектен орын алуға асығады, яғни шеңберге барып тұрады да, қолдарына жіп алады. Ойын қайтадан басталады. Үшінші қоңырауға дейін орын алуды үлгермесе, әткеншек теппейді, жаңа отырғызуға басталғанға дейін күтіп тұра береді. Әткеншек ойынын ойнап біткен соң, құрсауды еденге жақсылап жалғастаруы керек, өйткені ойынды қайталағанда, құрсауды тез алып, қайтадан шеңбер жасауына оңай болады.</p>	
Рефлексивтік- жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіну.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, шапшаңдылығын дамыту. Балаларды ептілікке арттыру.
Тақырыбы	« Ақ серек, көк серек»	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Керекті құралдар		
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Ынталандыру Сезімді ояту</p> <p>Ұйымдастыру шылық-ізденістік</p>	<p>Шаттық шеңбер Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай таза көңілмен Бүгінгі ойынымызды бастаймыз</p> <p>Балалармен далаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> * Балалар 2 топқа бөлінеді * Екі топтың балалары қолдарынан ұстап, бір – біріне қарама – қарсы тұрады. * Бір топтың балалары екінші топтың балаларына <p style="text-align: center;">«Ақ серек, көк серек, Бізден саған кім керек?» - деп сұрайды</p> <ul style="list-style-type: none"> *Екінші топтың балалары бір баланың (Алдияр) Атын айтып, шақырады. <p>Шақырылған бала қарама – қарсы тұрған топқа қарай жүгіріп, топты үзуі керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> *Егер топ үзілсе сол топтан бір баланы өзінің тобына алып келеді. *Егер үзілмесе сол топта өзі қалады. *Ойын осылайша жалғаса береді. *Балалар ойын шарты бойынша ойнайды 	<p>Шаттық шеңберге тұрады</p> <p>Балалар ойын ережесін мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар ойынды ойнайды</p>  <p>Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындайды</p>
<p>Рефлексивтік-жинақтаушы</p>	<p>Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.</p>	

Күтілетін нәтиже	
Білу керек	Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек
Түсінеді	Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау.
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.


Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды
Тақырыбы	« Теңге ілу»	түсіндіріп,
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	балалардың
Керекті құралдар	аттар	қимыл-қозғалыстарын, шапшаңдылығын дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="305 741 548 824">Ынталандыру Сезімді ояту</p> <p data-bbox="191 1084 500 1167">Ұйымдастыру шылық-ізденістік</p>	<p data-bbox="716 696 1230 1039">Шаттық шеңбер Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қорғаймыз. Тату – тәтті ұл–қыздар, Күнде бірге ойнаймыз.</p> <p data-bbox="716 1084 1149 1211">Балалармен далаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.</p> <p data-bbox="716 1256 1230 2067">Ойын:Теңге ілу Ойынның шарты. Ойынға қатысушылар тепе - тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезінде басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20 - 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он - оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады, сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете береді,</p>	<p data-bbox="1268 741 1425 869">Шаттық шеңберге тұрады</p> <p data-bbox="1268 1084 1490 1249">Балалар ойын ережесін мұқият тындайды.</p> <p data-bbox="1268 1473 1409 1601">Балалар ойынды ойнайды</p> <p data-bbox="1268 1944 1523 2067">Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын</p>

	шұңқыр тұсына бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңіске жетеді.	байыппен орындайды
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру
Тақырыбы	«Ұшты – ұшты»	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Керекті құралдар	Түрлі ұшатын және ұшпайтын нәрселер, суреттер	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="256 730 500 819">Ынталандыру Сезімді ояту</p> <p data-bbox="155 1077 461 1155">Ұйымдастыру шылық-ізденістік</p>	<p data-bbox="659 685 1198 976">Шаттық шеңбер Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық Таза ауаны жұтайық, Жүректің жылуын, Бір – бірімізге сыйлайық.</p> <p data-bbox="659 1032 1156 1155">Балалармен таза ауаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.</p> <p data-bbox="659 1200 1188 1323">*Балалар ұшатын нәрсе айтылса қолдарын көтеріп, ол заттың қалай ұшатынын көрсетуі керек.</p> <p data-bbox="659 1335 1188 1413">*Ұшты –ұшты кітап ұшты. Кітап ұша ма?</p> <p data-bbox="659 1424 1010 1547">*Ұшты –ұшты торғай ұшты. Торғай ұша ма? Ол қалай ұшады?</p> <p data-bbox="659 1559 1003 1637">*Ұшты – ұшты қалам ұшты.Қалам ұша ма?</p> <p data-bbox="659 1648 1091 1682">*Ұшты –ұшты ұшақ ұшты.</p> <p data-bbox="659 1727 1107 1895">Ойын осылайша жалғаса береді.Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды.</p>	<p data-bbox="1227 730 1520 819">Шаттық шеңберге тұрады</p> <p data-bbox="1227 1032 1497 1155">Балалар ойын ережесін мұқият тыңдайды.</p> <p data-bbox="1227 1200 1497 1279">Балалар ойынды ойнайды</p> <p data-bbox="1432 1379 1513 1413">Жоқ</p> <p data-bbox="1227 1424 1503 1503">Торғайдың ұшуын көрсетеді</p> <p data-bbox="1227 1592 1448 1671">Ұшпайды Ұшақ ұшады</p> <p data-bbox="1227 1727 1503 1939">Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындайды</p>
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	

Күтілетін нәтиже

Білу керек	Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек
Түсінеді	Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау.
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл қозғалыстарын, байқағыштығын, шапшаңдылығын дамыту.
Тақырыбы	« Ханталапай »	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Керекті құралдар	Әдемі боялған 10 асықтар, 1 қызыл асық	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="212 539 456 618">Ынталандыру Сезімді ояту</p> <p data-bbox="134 882 440 960">Ұйымдастыру шылық-ізденістік</p>	<p data-bbox="594 539 1016 748">Шаттық шеңбер Біз ақылды баламыз. Тез дамиды санамыз, Ұтқыр, ұшқыр боп өсіп, Жұлдыздай боп жанамыз.</p> <p data-bbox="594 797 1029 920">Балалармен далаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.</p> <p data-bbox="594 969 1146 2080">Ойын шарты: Ойынға 4-5 үміткерден қатысады. Ойын үшін 10 асық таңдап алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түс(қызыл) боялған болуы шарт бір – бірден асық иірудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы т,ссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі иірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен алшысын, тәйкісімен тәйкісін бір – біріне соғып, кенейлер бір –</p>	<p data-bbox="1183 539 1476 618">Шаттық шеңберге тұрады</p> <p data-bbox="1183 842 1557 920">Балалар ойын ережесін мұқият тыңдайды.</p> <p data-bbox="1183 1144 1451 1223">Балалар ойынды ойнайды</p> <div data-bbox="1187 1267 1528 1637">  <p>The illustration shows several wooden blocks with letters on them: 'алшы', 'бук', 'шик', and 'тайки'. Below the blocks, a group of five children are sitting in a circle on the floor, engaged in a game.</p> </div> <p data-bbox="1183 1783 1560 1906">Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындайды</p>

	<p>біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 50 немесе 80,40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.</p> <p>Ескерту: Асықтарды бір – біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде – бір асық тимеуі керек. Себебі ол – Хан.</p>	
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ұйымдастырылған оқу іс- қызметінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, ептілікке үйрету. Ұжымда ойнауға дағдыландыру
Тақырыбы	« Мысық пен тышқан »	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Керекті құралдар		
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру Сезімді ояту	<p>Шаттық шеңбер Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық Таза ауаны жұтайық, Жүректің жылуын, Бір – бірімізге сыйлайық.</p>	Шаттық шеңберге тұрады
Ұйымдастыру шылық-ізденістік	<p>Балалармен таза ауаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Балалар санамақ арқылы мысық пен тышқанды анықтап алады. *Қалған балалар қолдарынан ұстап, дөңгелене шеңбер құрып тұрады. *Шеңбердің іші тышқанның үйі болады. *Мысық тәрбиешінің белгісі бойынша шеңберді айнала жүгіріп тышқанды қуады,ал тышқан мысықтан барынша алдап қашуға тырысады. *Егер мысық тышқанды ұстап алатын болса, балалар рөлдерімен ауысады. Ойын осылайша жалғаса береді.Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды.</p>	<p>Балалар ойын ережесін мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар ойынды ойнайды Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындап барынша мысыққа ұсталмауға тырысады.</p>
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру
Тақырыбы	«Хан алшы»	
Әдістер	Сұрақ- жауап ,әңгімелеу	
Керекті құралдар	Асықтар	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="224 528 472 618">Ынталандыру Сезімді ояту</p> <p data-bbox="151 875 461 954">Ұйымдастыру шылық-ізденістік</p>	<p data-bbox="597 483 1125 696">Шаттық шеңбер Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қорғаймыз. Тату – тәтті ұл– қыздар, Күнде бірге ойнаймыз.</p> <p data-bbox="597 741 1174 2072">Ойынға қатысушыларға шек қойылмайды. Ойынға қатынасушылар көнге қаншадан асық шығаратынын алдын ала келісіп алады. Көнге жиналған асықтарды бір жерге басын қосып біріктіреді. Содан кейін көп асықтың ішінен бір белгілі асықты «Хан» деп сайлайды.Екінші ойыншылар көнге жиналған «әр ойыншы не бес, не он асықтан қосуға тиіс) асықты иіретін ойын жүргізуші тағайындап алады. Ол жиналған асықты ортаға екі қолдап иіріп тастай береді. Барлық асықтарды иіріп болған кезде «Хан» көп асықтың арасында көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «Ханды қара басты» деген дауысты естігеннен кейін бас салып асықтарды талап алады. Екінші жағдайда иірген асықтардың арасында «Хан» ашық жатса, онда «Ханмен» бүк жатқан асықты ату керек, ойын осылай жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша «Ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп, ойын шарты бұзылғанға дейін немесе барлық</p>	<p data-bbox="1203 528 1498 618">Шаттық шеңберге тұрады</p> <p data-bbox="1203 786 1471 909">Балалар ойын ережесін мұқият тыңдайды.</p> <p data-bbox="1203 1043 1471 1122">Балалар ойынды ойнайды</p> <p data-bbox="1203 1648 1555 1816">Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындайды</p>

	асық атылып болғанға дейін ойын жүре береді. Ойын осылайша жалғаса береді. Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды.	
Рефлексивтік-жинақтаушы	Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек	
Түсінеді	Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау.	
Қолдана біледі	Ойынды керек сабақта қолдана білу.	

Ұйымдастылған оқу іс- қызметінің оқу жоспары

Ай - апта		Мақсаты
Бөлімдері	Вариативтік компонент	Ұлттық ойындар арқылы балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуын жетілдіру. Ұлттық ойынға деген қызығушылық сезімдерін дамыту арқылы ептілікке, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баули тәрбиелеу.
Тақырыбы	« Қыз қуу»	
Әдістер	Сұрақ- жауап , әңгімелеу	
Керекті құралдар	Ұлттық бұрыш, интерактивті тақтадан слайд, жалауша, шар, ойыншық ат.	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру Сезімді ояту	Балалар, қане бәріміз экранға назар аударайықшы. Бұл жерде біз қазақ халқының ұлттық ойындарының түрлерін кріп отырмыз, атап айтсақ арқан тартыс, күрес, қол күрес, тенге алу, алтыбақан, қыз қуу. Олай болса біз осы ұлттық ойындардың ішінен «Қыз қуу» ойынын ойнаймыз. Олай болса мен сендерге қыз қуу ойынының тарихын және шартын түсіндірейін. «Қыз қуу» - қазақ халқының көне ойындарының бірі. Ол еліміздің халықтарының арасында кеңінен тараған ұлттық ат ойыны тобына жатады. Сонау ертеден кележатқан спорт ойыны ертеде « Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса біздің заманымызға дейін өзгеріссіз жетті. Сол заманға тәртіп бойынша жарыс жігітпен қыз арасында өткізіледі. Ал енді балалар қыз қуу ойынының ойналу шарты балалар арасынан	Балалар тәрбиешіні мұхият тыңдайды.
Ұйымдастыру шылық-ізденістік		

	<p>бір ер бала, бір қызды атпен қуады. Ер бала қызға жетіп білегіндегі орамалды шешіп алса ол жеңіске жетеді.</p> <p>Олай болса балалар, осы ойынды өзіміз ойнайық.</p> <p>Балалардың сендер қандай ұлттық ойынды ойнадыңдар?</p> <p>Ойынға қанша адам қатысады екен?</p> <p>Балалар сендерге «Қыз қуу» ойыны несімен ұнады?</p>	<p>Балалар «Қыз қуу» ойынын ойнайды.</p> <p>Сұрақтар бойынша балалардың жауабы.</p>
Рефлексивтік-жинақтаушы	Тәрбиеші балалардың қандай орталықтарда қандай жұмыс жасағандарын сұрап, оқу іс-әрекетті қорытады. Балаларға мадақтаулар жасалады.	
Күтілетін нәтиже		
Білу керек	«Қыз қуу» ұлттық ойынын	
Түсінеді	Ойынның қалай ойналу керектігін.	
Қолдана біледі	«Қыз қуу» ойынында ер балалар қыз балаларды қуып жетіп білегіндегі орамалды шешуді.	

Күш сынаспақ

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Арқан тарту.

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартықанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Хан «алшы»

Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.

Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.

Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Ақсерек-көксерек.

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды

Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Қыз –қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

Түйілген орамал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды.Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды.Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады.Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды.Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі.Осылайша ойын жүргізіледі,түйулі орамалды алғанша қуалай береді.Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы.

Соқыр теке.

Балалар дөңгелене тұрады.Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар:Бота,бұзау,қозы,лақ

Қайда кеткен құлыншақ

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

Деп тақпақтайды.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады.Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады.Ойын осылайын жалғаса береді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Тышқан мен мысық

Ойын мақсаты:балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады.Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық

керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

К\кұралдар: мысық, тышқан бетперделері.

Түлкі мен балапандар

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

К\кұралдар: түлкі мен балапандар бет перделері.

.Хан талапай.

Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірісудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды.

Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

Теңге ілу.

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.

Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.

Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Ойнайық та, ойлайық. Р. Кашенова. Поиграем, поговорим. Алматы, Ана тілі, 1996
- Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар және қызықты тапсырмалар. Ә. Наурызбайқызы, Қ. Әубәкірқызы, С. Мұқамбетқызы. 2-сынып. Рауан, Алматы, 1994
- Қуыр - қуыр, қуырмаш. Сейсенбек Ахметов. Өнер, Алматы, 1993